

«Қазақстан Республикасы  
Қаржы Министрлігі  
Мемлекеттік кірістер комитетінің  
Батыс Қазақстан облысы  
бойынша Мемлекеттік кірістер  
департаменті»  
мемлекеттік мекемесі



Государственное учреждение  
«Департамент государственных  
доходов по  
Западно-Казахстанской области  
Комитета государственных доходов  
Министерства финансов  
Республики Казахстан»

**БҰЙРЫҚ**

26.10.2016 № 504-Б

Орал қаласы

**ПРИКАЗ**

г. Уральск

**Банкроттық басқарушыны  
тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасының 07.03.2014 жылғы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 15-бабының 2-тармақшасына және 93-бабының 4-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті туралы Ережесінің 14 тармағының 39 тармақшасына сәйкес және «Казачье дело» ЖШС-нің 24.10.2016 жылғы кредиторлар кеңесінің шешімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Казачье дело» ЖШС-нің банкроттық басқарушысы болып Гулзара Кыдырбаевна Еркиналиева тағайындалсын.

2. Гулзара Кыдырбаевна Еркиналиева Қазақстан Республикасы банкроттық туралы заңнамасының талаптарына сәйкес банкроттық басқарушының міндеттерін атқарсын.

3. Банкроттық басқарушы Гулзара Кыдырбаевна Еркиналиева Қазақстан Республикасы банкроттық туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Б.Н.Қайдаровқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысы



А.Ж.Жақанов